

Ақжар ауданының әкімдігі жер учаскелерін 2026 жылдың 26 маусымда сағат 10-00-де конкурс өткізеді. Мекен-жайы СҚО, Ақжар ауданы, Талшық ауылы, Целинная көшесі, 15.

Шаруа немесе фермер қожалығын немесе ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруа шылығы мақсатындағы жер учаскелерін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру бойынша конкурсқа ұсынылатын жер учаскелерінің тізімі «Солтүстік Қазақстан облысы Ақжар ауданы әкімінің аппараты» КММ

| № п/п | Жер учаскесінің орналасқан жері, лот№ | Өңірдің ауыл шаруашылығы на мамандануы | Жалпы алаңы, га, жалға беру мерзімі, жыл | Алқаптардың құрамы, оның ішінде (га) | | | | Топырақтың сапалық сипаттама сы, (орташа балл бонитет) | Сумен қамтамасыз етілуі |
|-------|---------------------------------------|--|--|--------------------------------------|----------|------------|----------------|--|-------------------------|
| | | | | Егістік | Шабындық | Жайылымдар | Басқа алқаптар | | |
| 1 | Майс а/о, Лот № 31 | Егін егу, мал шаруашылығы | 242 га, 10 жыл | - | - | 241 | 1 | 35 | Қамтамасыз етілген |
| 2 | Ақжарқын а/о, Лот № 34 | Егін егу, мал шаруашылығы | 321 га, 10 жыл | - | - | 317 | 4 | 28 | Қамтамасыз етілген |
| 3 | Ақжарқын а/о, Лот № 35 | Егін егу, мал шаруашылығы | 378 га, 10 жыл | - | - | 361 | 17 | 28 | Қамтамасыз етілмеген |
| 4 | Ақжарқын а/о, Лот № 36 | Егін егу, мал шаруашылығы | 228 га, 10 жыл | - | - | 227 | 1 | 28 | Қамтамасыз етілмеген |
| 5 | Ақжарқын а/о, Лот № 37 | Егін егу, мал шаруашылығы | 361 га, 10 жыл | - | - | 359 | 2 | 28 | Қамтамасыз етілмеген |
| 6 | Ақжарқын а/о, Лот № 38 | Егін егу, мал шаруашылығы | 642 га, 10 жыл | - | - | 640 | 2 | 28 | Қамтамасыз етілмеген |
| 7 | Ақжарқын а/о, Лот № 39 | Егін егу, мал шаруашылығы | 661 га, 10 жыл | - | - | 660 | 1 | 28 | Қамтамасыз етілмеген |
| 8 | Ақжарқын а/о, Лот № 40 | Егін егу, мал шаруашылығы | 287 га, 10 жыл | - | - | 285 | 2 | 28 | Қамтамасыз етілмеген |
| 9 | Алқатерек а/о, Лот № 41 | Егін егу, мал шаруашылығы | 1198 га, 10 жыл | - | - | 1189 | 9 | 25 | Қамтамасыз етілген |
| 10 | Алқатерек а/о, Лот № 42 | Егін егу, мал шаруашылығы | 432 га, 10 жыл | - | - | 429 | 3 | 25 | Қамтамасыз етілмеген |
| 11 | Алқатерек а/о, Лот № 43 | Егін егу, мал шаруашылығы | 983 га, 10 жыл | - | - | 980 | 3 | 25 | Қамтамасыз етілмеген |
| 12 | Алқатерек а/о, Лот № 44 | Егін егу, мал шаруашылығы | 957 га, 10 жыл | - | - | 952 | 5 | 25 | Қамтамасыз етілмеген |
| 13 | Ленинград а/о, Лот № 22 | Егін егу, мал шаруашылығы | 591 га, 10 жыл | - | - | 590 | 1 | 23 | Қамтамасыз етілмеген |
| 14 | Ленинград а/о, Лот № 17 | Егін егу, мал шаруашылығы | 142 га, 10 жыл | 141 | - | - | 1 | 23 | Қамтамасыз етілмеген |
| 15 | Ленинград а/о, Лот № 18 | Егін егу, мал шаруашылығы | 183 га, 10 жыл | - | - | 183 | - | 23 | Қамтамасыз етілген |
| 16 | Ленинград а/о, Лот № 19 | Егін егу, мал шаруашылығы | 818 га, 10 жыл | - | - | 816 | 2 | 23 | Қамтамасыз етілмеген |
| 17 | Ленинград а/о, Лот № 20 | Егін егу, мал шаруашылығы | 518 га, 10 жыл | - | - | 518 | - | 23 | Қамтамасыз етілмеген |
| 18 | Ленинград а/о, Лот № 21 | Егін егу, мал шаруашылығы | 757 га, 10 жыл | - | - | 755 | 2 | 23 | Қамтамасыз етілмеген |
| 18 | Құлықөл а/о, Лот № 23 | Егін егу, мал шаруашылығы | 56,2 га, 10 жыл | 15,2 | - | 41 | - | 25 | Қамтамасыз етілмеген |
| 20 | Құлықөл а/о, Лот № 24 | Егін егу, мал шаруашылығы | 435 га, 10 жыл | - | - | 433 | 2 | 25 | Қамтамасыз етілген |
| 21 | Құлықөл а/о, Лот № 25 | Егін егу, мал шаруашылығы | 127 га, 10 жыл | - | - | 127 | - | 25 | Қамтамасыз етілген |

ЕСКЕРТПЕ:

Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімде: 1) Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғалары үшін – заңды тұлғаның атауы, оның тұрған жері, заңды тұлға ретінде мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтер, жарғылық капиталдағы (жарғылық капиталдың жалпы мөлшерінен) үлестерінің мөлшері көрсетіле отырып, өтінім берушінің – заңды тұлғаның басшылары мен қатысушылары немесе акционерлері туралы мәліметтер, өтінім берушінің үлестес тұлғалары туралы мәліметтер; 2) жеке тұлғалар үшін – өтінім берушінің тегі, аты және әкесінің аты (егер ол жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген болса), тұрғылықты жері, азаматтығы, жеке сәйкестендіру нөмірі, өтінім берушінің жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер; 3) өтінім беруші үміттеніп отырған жер учаскесінің орналасқан жері; 4) конкурстық ұсыныс; 5) өтінім беруші шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурстың жеңімпазы деп танылған жағдайда, шаруа немесе фермер қожалығын не ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер учаскесін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) шартына қол қою қажеттігі туралы хабарламаны алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде көрсетілген шартты жасасу жөніндегі міндеттеме қамтылуға тиіс. Конкурстық ұсыныста: 1) бизнес-жоспар (инвестициялардың болжамды көлемі, ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру алаңдары, ауыл шаруашылығы жануарларының мал басы, қолданылатын агротехнологиялар, ауыл шаруашылығы техникасы мен технологиялық жабдықтың, ауыл шаруашылығы саласындағы білікті мамандардың болуы, ашылатын жұмыс орындарының саны); 2) шаруашылықшілік жерге орналастыру жобасын жасау және игеру, ауыл шаруашылығы инфрақұрылымын дамыту іс-шараларын орындау жөніндегі міндеттемелер; 3) Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы

министрінің 2020 жылғы 17 қаңтардағы № 7 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19893 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді ұтымды пайдалану қағидаларын және Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары – Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 173 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 15090 болып тіркелген) бекітілген Жайылымдарды ұтымды пайдалану қағидаларын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы жер заңнамасының талаптарын орындау, өңірдің мамандануына сәйкес ауыл шаруашылығы дақылдарының егіс алаңдары құрылымын әртараптандыру бойынша индикативтік көрсеткіштерді орындау, ғылыми негізделген агротехнологияларды, фитосанитариялық және карантиндік талаптарды сақтау жөніндегі міндеттемелер қамтылады. Шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурсқа қатысуға өтінімді жеке тұлғаның немесе Қазақстан Республикасының мемлекеттік емес заңды тұлғасының уәкілетті өкілдері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес берілген және ресімделген сенімхаттың негізінде ұсына алады. Конкурсқа ұсынысты, "электрондық үкімет" веб-порталы арқылы беру жағдайларын қоспағанда, конкурсқа қатысушы беттері нөмірленіп, тігілген түрде мөрленген немесе өшірілмейтін сиямен жазылған жабық конвертте ұсынады, конкурстық ұсыныстың соңғы беті жеке тұлғалар (немесе сенімді өкіл) үшін - қатысушының қолымен және заңды тұлғалар үшін - бірінші басшының (немесе сенімді өкіл) қолымен және мөрімен (бар болса) куәландырылады. Өтінімде және конкурстық ұсыныста қатысушыға грамматикалық және арифметикалық қателерді түзету қажет болған жағдайларды қоспағанда, жолдар арасында ешқандай кірістірмелер, өшірулер немесе қосып жазулар болмауы тиіс. Конкурсқа ұсыныстың жабық конвертінде "шаруа немесе фермер қожалығын, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізу үшін уақытша өтеулі жер пайдалану (жалға алу) құқығын беру жөніндегі конкурс" және " 2026 жылғы "26" маусымға дейін ашуға болмайды" деген сөздер жазылады. Конкурсқа қатысуға арналған өтінімдерді қабылдау және тіркеу конкурс өткізу туралы хабарлама жарияланған күннен бастап күнтізбелік отыз күн өткен соң 2026 жылдың «05» маусымнан бастап, 2026 жылдың «25» маусым аралығында өтінім қабылдау және тіркеу жүргізіледі. Конкурсқа шығарылатын жер учаскелерінің орналастыру схемасымен жергілікті атқарушы органның интернет-ресурсында, ауылдық округтердің және аудандық жер қатынастар бөлімінің ақпарат бұрыштарынан танысуға болады. Толық ақпаратты «СҚО Ақжар ауданының жер қатынастар бөлімі» КММ-нен мына байланыс телефондары арқылы 8715-46-7-90-60 алуға болады.

Кеңсе қолтаңбасы



08.05.2026 12:56 ТӨЛЕГЕН РИЗА

Көшбасшының қолтаңбасы

08.05.2026 12:53 ШАКУБАЕВ КУАНДЫК



Оспанова Мира Муратовна 08.05.2026
Отдел земельных отношений Акжарского района Северо-Казахстанской области - Нурмухамбетов

| | |
|--|---|
| Құжат түрі | Кіріс құжат |
| Номер и дата документа | № |
| Организация/отправитель | СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ АҚЖАР АУДАНЫ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ |
| Получатель (-и) | СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ АҚЖАР АУДАНЫ ЛЕНИНГРАД АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АППАРАТЫ |
| Электронные цифровые подписи документа |  Коммунальное государственное учреждение "Аппарат акима Акжарского района Северо-Казахстанской области" Көшбасшының қолтаңбасы: ШАКУБАЕВ ҚУАНДЫК MIIskwYJ...tXWS2gw== Время подписи: 08.05.2026 12:53 |
| |  Коммунальное государственное учреждение "Аппарат акима Акжарского района Северо-Казахстанской области" Кеңсе қолтаңбасы: ТӨЛЕГЕН РИЗА MIIsSQYJ...lB0b4Ew== Время подписи: 08.05.2026 12:56 |



Данный документ согласно пункту 1 статьи 7 ЗРК от 7 января 2003 года N370-II «Об электронном документе и электронной цифровой подписи», удостоверенный посредством электронной цифровой подписи лица, имеющего полномочия на его подписание, равнозначен подписанному документу на бумажном носителе.

Оспанова Мира Муратовна
 Отдел земельных отношений Акжарского района Северо-Казахстанской области
 08.05.2026 14:35
 Ухамбетов А.Ж.